| Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы электрондық білім беру ресурстары | БеП/ТК | 7 | 5 | 150 | 15 | 30 | | 35 | 70 | Емтихан |
| Қорытынды аттестаттау | | | | | | | | | | |
| Дипломдық жұмысы | | 8 | 8 | 240 | | | | | | |
| Кешенді емтихан | | 8 | 8 | 240 | | | | | | |

2024-2025 оқу жылына арналған «6В01-Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы, «6В017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» дайындық бағыты, «В016 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының тобы, «6В01701 -Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына

**ПІКІР**

Білім берудің халықаралық стандарт жіктемесіндегі коды: 0114
Дайындық деңгейі: бакалавриат
Оқу мерзімі: 4 жыл

«6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңартылған, тиімді әдістерін меңгерген, толерантты көзқарасты танытатын, жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын тәрбиелей алатын жоғары білікті маман дайындау мақсатын көздейді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын толық меңгерген маман жалпы білім беретін және бейіндік мектептерде, орта (гимназиялар, лицейлер) және арнаулы орта (колледждер, техникумдар) оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, БАҚ саласында, сондай-ақ мамандықтың профилімен сәйкес келетін басқа да нысандарда қызмет ете алады. Солайша, оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік, баспа ісі, аударма, ісқағаздарын жүргізу, ұйымдастыру-басқару сияқты кәсіби қызмет түрлерін игереді.

Білім беру бағдарламасы пәнді оқытудың модульдік жүйесі негізінде жобаланған және білімдік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыратын модульдерді қамтиды. Бағдарлама міндетті, базалық және бейімдеуші пәндер мен оқу, психологиялық, педагогикалық іс-тәжірибелерді қамтып, барлығы 240 кредитке құрылған. Базалық пәндердің ЖОО компоненттері еңбек нарығының сұраныстарын, мамандық ерекшеліктерін ескере отырып дайындалған. Мысалы, «Жас ерекшелік психологиясы және физиология», «Педагогика», «Инклюзивті білім беру», «Жаңартылған білім беру мазмұны және критериалды бағалау технологиясы» т.б. пәндер болашақ педагогтардың кәсіби негізін қалыптастыратын пәндер болып табылады. Ал таңдау компоненттері қазақ тіл білімінің барлық салаларын, қазақ әдебиетінің барлық кезеңдерін толық қамтыған.

Бағдарламаны әзірлеу барысында жұмыс берушілер мен білім алушылар ұсыныс-пікірлері ескеріліп, білім беру бағдарламасының өзіндік ерекшелігі, атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін қазақ тілді және өзге тілді мектептерде оқыту мәселесі басты назарға алынған. Мысалы, «Қазақ және орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы», «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» т.б. пәндерін оқыту арқылы болашақ педагогқа қажетті құзыреттілікті қалыптастырады.

Білім беру бағдарламасы оқу және үздіксіз педагогикалық тәжірибелерді оқу процесіне кіріктіріп, білім алушыларға тәжірибелік-бағдарлық дағдыны өз пәндік саласында игеруге мүмкіндік береді. Мәселен, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Емле және тыныс белгілерін оқыту әдістемесі» т.б. пәндері болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамытып, кәсіби шыңдалуына өз ықпалын тигізеді деген ойдамыз.

«6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын толық меңгерген түлек қазіргі оқыту технологияларды игеруге бейім, жан-жақты, жаңашыл педагог боларына сеніміміз мол.

Пікір беруші:
Ә. Бөкейхан атындағы №39 мектеп директоры ________ А.З.Сепсекенова

«12» 01 2024 жыл

2024-2025 оқу жылына арналған «6В01-Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы, «6В017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» дайындық бағыты, «В016 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының тобы, «6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына

**ПІКІР**

Білім берудің халықаралық стандарт жіктемесіндегі коды: 0114
Дайындық деңгейі: бакалавриат
Оқу мерзімі: 4 жыл

«6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаты-ғылыми-гуманитарлық пәндер саласында жүйеленген білімдерді қалыптастыру негізінде үздіксіз жетілдіру қағидасын жүзеге асыратын, жеке тұлға, қоғам және мемлекеттік міндеттері мен қажеттілігіне сай білім беру және тәрбие бағытында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін енгізе отырып, өзін-өзі дамытатын және басқаратын тұлға қалыптастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын меңгерген түлек білім беру (педагогикалық) мекемелерінде жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қазақ тілді және өзге тілді топтарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектепте факультативтік сабақ ұйымдастырушы қызметтерін атқара алады. Сонымен қатар мәдениет, басқару мекемелерінде, БАҚ-та, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында жұмыс істеу мүмкіндігіне ие. Білім беру бағдарламасын әзірлеушілер осы мүмкіндіктерді ескергені, қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыратын пәндерді енгізгені білім алушылар үшін үлкен олжа деген пікірдеміз.

Білім беру бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын міндетті, базалық, бейіндік пәндер мен оқу, психологиялық, педагогикалық практикалар қамтылған. 10 модульға жіктелген пәндер білім алушылардың бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына негіз болары сөзсіз. Білім беру бағдарламасында әдістемелік пәндер мен педагогикалық іс-тәжірибелерге ерекше назар аударылған. Мысалы, «Жаңартылған білім беру мазмұны жоне критериалды бағалау технологиясы», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Емле және тыныс белгілерін оқыту әдістемесі» т.б. пәндері ББ мазмұнын аша түскен. Жүйелі ретпен берілген барлық пәндер мен модульдердің оқу нәтижелері өз жемісін беретініне сенімдіміз.

Сонымен бірге қорытынды аттестацияның екі кезеңде өтуі де білім алушылардың білім сапасына оң әсер етеді деген ойдамыз, әсіресе қорытынды аттестацияның екінші кезеңінде кейс тапсырмаларын орындау арқылы бітіруші түлектер нақты оқу жағдаяттарын талдап, оларды шеше білу қабілеттерін дамыта түседі.

Білім беру бағдарламасы болашақ педагогтарға пәндік, пәнаралық, психология-педагогикалық және әдістемелік білімді меңгеруге, алған білік-дағдыларын кәсіби тұрғыдан пайдалануға мол мүмкіндік береді. Бағдарлама бойынша 4 жылда білім алып шыққан білім алушылар сапалы да білікті мамандар қатарынан болатынына сеніміміз мол.

Пікір беруші:
«№16 Т.Аманов атындағы ЖОББМ» КММ директоры А.У.Сатаева

«15» 04 2024 жыл

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ

**6В01701 -** Қазақ тілі мен әдебиеті
*(БББ коды және атауы)*

**_2024-2028_жылдарға**

Семей 2024 ж.

**Мазмұны**


| № | **Бөлім атаулары** | **Беттер** |
|---|---|---|
| 1. | Білім беру бағдарламасының даму жоспарының төлқұжаты | 3 |
| 2. | Білім беру бағдарламасының аналитикалық негіздемесі | 4 |
| 2.1 | Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат | 4 |
| 2.2 | Білім алушылар туралы мәлімет | 4 |
| 2.3 | Білім беру бағдарламасының дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары | 4 |
| 2.4 | Білім беру бағдарламасының жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат | 5 |
| 2.5 | Білім беру бағдарламасының жетістіктерінің сипаттамалары | 6 |
| 3 | Білім беру бағдарламасының дамыту жоспарының негізгі мақсаттары | 6 |
| 4 | Білім беру бағдарламасының тәуекелдерін талдау | 6 |
| 5 | Білім беру бағдарламасының дамыту бойынша іс-шаралар жоспары | 7 |

## 1. Бакалавриат даму жоспарының төлқұжаты

**6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті**

*(БББ атауы)*

| | | |
|---|---|---|
| 1 | БББ әзірлеу негіздемесі | «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы. Факультеттің жұмыс жоспары |
| 2 | Іске асыру мерзімі | 2024-2028 оқу жылдары |
| 3 | Іске асырудан күтілетін нәтижелер | - Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;<br>- ПОҚ ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің тиімділігін арттыру;<br>- Шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық бойынша жұмыстарды жолға қою. |

## 2 БББ аналитикалық негіздемесі

### 2.1 Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат

Білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасын игерудің әдеттегі мерзімі - 4 жыл.

«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын Академиялық комитет әзірледі.

«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесін береді және білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі кемінде 240 кредитті игеру болып табылады.

### 2.2 Білім алушылар туралы мәлімет

| Оқу жылы / Оқыту негізі | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы | 2026-2027 оқу жылы | 2028-2029 оқу жылы |
|---|---|---|---|---|
| Грант | 85 | 85 | 90 | 95 |
| Келісімшарт | 10 | 15 | 15 | 15 |
| Барлығы | 95 | 100 | 105 | 110 |

### 2.3 БББ дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары

Білім алушылардың қоғамдық, педагогикалық және арнайы ғылым негіздерінен теориялық дайындығы олардың іскерлігі өндірістік педагогикалық іс-тәжірибе барысында шыңдалады. Өндірістік (педагогикалық) практика мұғалім кадрларды даярлауда жетекші рөл атқарады.

Өндірістік (педагогикалық) практиканың негізгі мақсаты – білім алушылардың университетте алған теориялық білімдерін тереңдету, дамыту және бекіту, кәсіптік іскерліктерін және арнайы педагогикалық ойларын, болашақ мұғалімнің кәсіптік-жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Кәсіби құзыреттерді бекіту, кәсіби қызметтің іскерлік дағдылары мен тәжірибесін меңгеру болып табылады. Сонымен қатар осы білімдерін практикада оқу-тәрбие жұмысында қолдана білуге үйрету. Осы ретте **«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру базалары:**

КММ «№ 47 ЖОББМ», Семей қ.

КММ «Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» Семей қ.

КММ «Т.Аманов атындағы № 16 ЖОББМ», Семей қ.

КММ «№ 32 ЖОББМ», Семей қ.

КММ «№ 31 ЖОББМ», Семей қ.

Абайдың «Жибебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи – мәдени және әдеби мемориалдық қорық музейі, Семей қ.

КММ «№ 17 ЖОББМ», Семей қ. ШҚО

«Әлихан Бөкейхан атындағы №39 ЖОББМ» КММ Семей қ.

КММ «№ 11 ЖОББМ», Семей қ.
«Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназиясы» КММ Семей қ.

**«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша** жұмысқа орналасу көрсеткіші:

| Оқу жылы / Оқыту негізі | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы | 2026-2027 оқу жылы | 2027-2028 оқу жылы |
|---|---|---|---|---|
| | 100% | 100% | 100% | 100% |

**«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» ББББ бойынша ұйым мен кәсіпорын базасындағы кафедра филиалдары:**

| Оқу жылы / Оқыту негізі | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы | 2026-2027 оқу жылы | 2027-2028 оқу жылы |
|---|---|---|---|---|
| | 2 | 3 | 3 | 4 |

**«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» ББББ бойынша дуалды оқыту жөніндегі ынтымақтастық мына ұйымдармен жүзеге асырылады:**
ТОО «Erudit Group»
«Ы. Алтынсарин атындағы №37 гимназия» КММ

**«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» ББББ бойынша Қазақстанның және шет елдердің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жүзеге асырылады:**
1. Павлодар педагогикалық университеті (Павлодар)
2. С.Торайғыров атындағы университет (Павлодар)
3. Мугла университеті (Турция)
4. Памуккале университеті (Турция)

**2.4 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат**

«6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқытушылардың кадрлық құрамы біліктілігі жоғары, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан тәжірибелі мамандардан құралған. Профессор-оқытушылар құрамы біліктілігінің деңгейі атқарып отырған лауазымдарына және аталған сала бойынша талап етілетін ғылыми дайындық деңгейіне сай келеді. ПОҚ-тың кадрлық құрамы тұрақтылығымен ерекшеленеді.

| № | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы | 2026-2027 оқу жылы | 2027-2028 оқу жылы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | БББ бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі | % | 95% | 95% | 95% | 95% |
| 2 | Оның ішінде ЖББ циклі бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі | % | 85% | 90% | 95% | 95% |

**2.5 БББ жетістіктерінің сипаттамасы**

1. «Атамекен» Ұлттық палатасының рейтингісі бойынша алдыңғы орындарда.
2. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы білім қызметінің біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Оқытушылар білім берудің заманауи әдістерін игеріп, оқу үдерісі кезінде білім алушыларға тиімді білім беруге және кері байланыс ұйымдастыруға дағдыланған. Кафедра оқытушыларының оқу құралдары мектептерде, университеттерде пайдаланылады. Атап айтар болсақ, А.О.Тоқсамбаева, Э.М.Самекбаева, Қ.Қ.Мұқанова, Қ.С.Құрмамбаева, Қ.А.Әубәкірова, Р.Қ.Сабырбаеваның оқулықтары студенттерге семинар сабақтарына дайындалу барысында көмегін тигізуде.

**3. БББ дамыту жоспарының негізгі міндеттері:**

1. «6B01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына қатысты ғылыми теориялық, ғылыми әдістемелік, ғылыми педагогикалық білім кешенін түбегейлі оқытып, игерту.
2. Мамандыққа қатысты теориялық, тәжірбиелік білім нәтижелерін қолдана алу құзіреттіліктерін қалыптастыру.
3. Тәжірбиелік дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру, дамыту.
4. Цифрлы даму бағытындағы жетістіктерді білу мен қолданысын меңгерту.

**4. БББ тәуекелдерін талдау**

| № | Тәуекелдердің атауы | Тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шаралардың атауы |
|---|---|---|
| 1 | БББ бойынша білім алушылар контингенті төмендеуіне байланысты | Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуде заманауи әдіс-тәсілдерді күшейту |
| 2 | Үш тілде білім беру бағдарламаларын енгізу үшін тілді білудің жеткіліксіз деңгейі | ПОҚ мен білім алушылардың тілді білудің жеткіліксіз деңгейін жою |
| 3 | Жұмысқа орналасу деңгейі төмендеуі | -Жұмыс берушілермен кері байланыс орнату .<br>-Педагогикалық зерттеулер жүргізу және түлектерді жұмысқа орналастырудың тұрақты деңгейін қадағалап отыру |
| 4 | Студенттер мен ПОҚ-ның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының жеткіліксіз дамуы | -Қазақстанның ЖОО-ның ғалымдарының дәріс оқуды жолға қою және өзара тәжірибе бөлісуді ұйымдастыру. |
| 5 | БББ бойынша ПОҚ дәрежелілігінің төмендеу қаупі | Кафедраға PhD жас мамандарды жұмысқа тарту |

5. БББ дамыту бойынша іс-шаралар жоспары

| № | Критерийлер | Күтілетін нәтижелер | Өлшем бірлігі | 2024-2025 | | 2025-2026 | | 2026-2027 | | 2027-2028 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жоспар | Орындалғаны | Жоспар | Орындалғаны | Жоспар | Орындалғаны | Жоспар | Орындалғаны |
| **Бағыт 1. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету** | | | | | | | | | | | |
| **1.1** | Жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту | Түлектердің тәжірибеге бағдарлануын арттыру және кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында «6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына сараптама жүргізу | факт | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | |
| **1.2** | Негізгі және кәсіби құзыреттерін, еңбек нарығының сұраныстарын дамытуға сәйкес элективті пәндер каталогтарын мониторингілеу және жаңарту | Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған элективті курстарды қосу арқылы білім беру бағдарламалары мазмұнының сапасын жақсарту | факт | 1 | | 2 | | 2 | | 2 | |
| **1.3** | Оқу процесіне білім алушылардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік қабілетін дамытуға ықпал ететін заманауи оқыту технологияларын енгізу | Танымдық белсенділікті дамытуға ықпал ететін жұмыстардың жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру | факт | 2 | | 2 | | 3 | | 3 | |
| **1.3.1** | __6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) оқу процесіне енгізу | Танымдық белсенділікті дамытуға ықпал ететін жұмыстардың жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру. | бірлік | 1 | | 2 | | 2 | | 2 | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1.4** | Әлеуметтік әріптестер мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, іске асыру сараптамасына тарту | Нарықтың сұраныстары мен жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту | бірлік | 2 | | 2 | | 3 | | 3 | |
| **1.5** | Ағылшын тілінде элективті курстарды әзірлеу және енгізу | Оқу процесіне ағылшын тілінде пәндерді енгізу | бірлік | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | |
| **1.6** | Оқу процесіне инновациялық технологияларды қолдану бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу | Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу | бірлік | 2 | | 3 | | 3 | | 3 | |
| **1.7** | Іске асырылатын БББ бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді басып шығару | Білім беру бағдарламаларының іске асырылатын пәндері бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруды жетілдіру | бірлік | 3 | | 3 | | 3 | | 3 | |
| **1.8** | Барлық деңгейдегі білім алушылар мен ПОҚ академиялық алмасуды дамыту мақсатында шетелдік және отандық серіктес жоғары оқу орындарымен шарттар жасасу | Барлық деңгейдегі білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық алмасуын дамыту үшін шетелдік және отандық серіктес ЖОО-лардың базасын құру | бірлік | 2 | | 3 | | 3 | | 3 | |
| **1.9** | Серіктес жоғары оқу орындарынан білім алушыларды семестрге, қысқа мерзімді тағылымдамаларға, практикаға және т.б. оқуға шақыру | Білім беру бағдарламаларының Халықаралық танылуын дамыту, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру | адам саны | 4 | | 4 | | 5 | | 5 | |
| **1.10** | ПОҚ мен білім алушылардың академиялық алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуы | 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»_бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік университеттермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту | адам саны | 4 | | 4 | | 5 | | 5 | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1.11** | ПОҚ және білім алушылардың шығыс академиялық ұтқырлығын 6В017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша дамыту | Шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында ұқсас бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін пайдалану негізінде білім беру бағдарламасын жетілдіру | адам саны | 4 | | 4 | | 5 | | 5 | |
| **Бағыт 2. Профессор-оқытушылар құрамы** | | | | | | | | | | | |
| **2.1** | 5 жылда бір рет білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру және даярлау | Республикалық және халықаралық деңгейде біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ үлесі 20%-дан кем емес | адам саны | 3 | | 4 | | 5 | | 6 | |
| **2.2** | ПОҚ біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан, тағылымдамадан халықаралық деңгейде өтуі | ПОҚ біліктілігін арттыру, қайта даярлау, тағылымдамадан өту бағдарламасының кемінде 2 оқытушысының халықаралық деңгейде өтуі | адам саны | 1 | | 2 | | 2 | | 2 | |
| **2.3** | Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін халықаралық басылымдарда ПОҚ еңбектерінің жарияланымдарын ілгерілету | ПОҚ жалпы санының кемінде 30% Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін басылымдарда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялаған ПОҚ үлесін ұлғайту | % | 50 | | 55 | | 55 | | 60 | |
| **2.4** | Оқытушылық және ғылыми қызметке практикалық қызмет саласының мамандарын тарту | Практик-мамандардың білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысу (мамандардың кемінде 20%) | % | 20 | | 25 | | 30 | | 30 | |
| **Бағыт 3. Білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру** | | | | | | | | | | | |
| **3.1** | Шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық бойынша шарттар жасасу | Бірлескен жобаларды іске асыру, шетелдік әріптестермен ғылыми жарияланымдар дайындау, білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін базалар құру | бірлік | 1 | | 1 | | 2 | | 2 | |
| **3.2** | «6В01701 - Казақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін шетелдік білім алушыларды тарту | Шетелдік білім алушылар санын ұлғайту | адам саны | 2 | | 2 | | 2 | | 2 | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **3.3** | Халықаралық әріптестермен бірлескен ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру | ПОҚ ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің тиімділігін арттыру, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу | бірлік | 2 | | 3 | | 3 | | 3 | |
| **3.4** | Магистрлік жобалар мен диссертациялар бойынша дәрістер оқуға мен консультациялар беруге шетелдік мамандарды шақыру | Білім беру бағдарламаларын іске асыруда шетелдік мамандардың тәжірибесін енгізу негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұндық компонентін жақсарту | бірлік | 1 | | 1 | | 2 | | 2 | |
| **3.5** | Білім беру бағдарламаларын іске асыруға неғұрлым білікті шетелдік мамандарды тарту мақсатында озық шетелдік ғылыми-білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту | Жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесіне сәйкес негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру | адам саны | 1 | | 2 | | 2 | | 2 | |
| **Бағыт 4. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және цифрландыру** | | | | | | | | | | | |
| **4.1** | Оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен кезең-кезеңмен жабдықтау (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран және т.б.) | Кафедраға бекітілген оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран және т.б.) | бірлік | 5 | | 7 | | 7 | | 8 | |
| **4.2** | Білім беру процесін автоматтандыруды жүргізу (тестілеу, сессияны басқару, студенттер контингентінің қозғалысы, деканат, кафедра, ПОҚ жүктемесі, кесте, кітапхана, силлабустар) | Білім беру процесін автоматтандыру негізінде ақпаратты басқару (тестілеу, сессияны басқару, студенттер контингентінің қозғалысы, деканат, кафедра, ПОҚ жүктемесі, кесте, кітапхана, силлабустар) | % | 85 | | 90 | | 90 | | 95 | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **4.3** | ПОҚ және білім алушылардың ғылыми зерттеулері нәтижелерінің толық мәтінді базасын, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т.б.) толықтыру | Ғалымдардың ғылыми еңбектері, ПОҚ және білім алушылардың зерттеулері, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т. б.) нәтижелерінің санын ұлғайту | бірлік | 5 | | 5 | | 7 | | 8 | |
| **4.4** | Ғылыми және оқу әдебиеті қорын, оның ішінде іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша электрондық жеткізгіштерде кеңейту | Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық ресурстар негізінде, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету | % | 80 | | 80 | | 85 | | 85 | |
| **4.5** | Факультет сайтын толықтыру және жетілдіру мониторингі | Білім беру бағдарламаларын іске асырудың әртүрлі аспектілері бойынша факультет сайтын қалыптастыру | % | 90 | | 90 | | 90 | | 95 | |

**Кафедра меңгерушісі ____________Ш.С.Кеңесбаева**

**КЕЛІСІЛДІ**

ФЖМ деканы __________________ А.А.Касымова
«06» 06 2024 ж.

**ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Филология жоғары мектебінің Академиялық сапа
жөніндегі комиссия отырысында
№ 6 хаттама «06» 06 2024 ж.
Комиссия төрағасы ________________ О.Т.Солтанбекова